«№136 жалпы орта білім беретін мектебі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны



# Ашық сабақ

***Тақырыбы:*** Қазақтың дастарқаны – берекенің бастауы
***Сыныбы***: 7 «Е»
***Күні:*** 11.03.2025ж
***Пән мұғалімі***: И.А.Бекбаева

*Шымкент-2025*

Қысқамерзімді жоспар

| | |
|---|---|
| **8-бөлім** | Дұрыс тамақтану |
| Педагогтің аты-жөні: | Бекбаева Индира Абдикаимовна |
| Күні: | **11.03.2025ж** |
| Сыныбы: 7 | Қатысушылар саны:                Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы: | Қазақтың дастарқаны – берекенің бастауы |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты | 7.1.2.1- әлеуметтік-қоғамдық, оқу-еңбек тақырыптарына байланысты диалог, монолог, полилогтердегі (интервью, пікірталас, жаңалық, көркем әдеби шығармалардан үзінді) автор көзқарасы мен көтерілген мәселені талдау;<br>7.4.4.4-одағай түрлерін ажырата білу, қолдану; |
| Сабақтың мақсаты: | ***Барлық оқушылар үшін:***<br>- әңгіме үзіндісіндегі автор көзқарасы мен көтерілген мәселені талдайды;<br>***Көпшілік оқушылар үшін:***<br>-одағай түрлерін ажырата біледі, анықтайды;<br>***Кейбір оқушылар үшін:***<br>- одағай сөздерді қолдана алады. |

**Сабақтың барысы:**

| Сабақ кезеңі/Уақыты | Педагогтің іс-әрекеті | Оқушының іс-әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы<br><br>Қызығушылықты ояту<br><br>5 минут | **I.Ұйымдастыру кезеңі:**<br><br>**а)** Оқушылармен сәлемдесу, түгендеу. Психологиялық жағымды ахуал туғызу. Топқа бөлу **«Шаңырақ әдісі»** арқылы топқа бөлу.<br><br>***1. Адамгершілік***<br>***2. Береке***<br>***3. Достық***<br><br>**Үй тапсырмасын «Қазақтың дастарқаны» әдісі арқылы сұрау.**<br><br> | | |  |
| **Жаңа сабаққа кіріспе**<br><br><br><br> | <br>*Қазақ, шамасы жетсе, дастарқанын жұпыны етпеуге тырысқан. Бұрынғы әжелеріміз кәделі сыбағаны, кемі бір кескен қазыны, жал-жаяны үн ішінде ұстап, сынық құртын, бір шақпақ қантын, өзге де дәмдісін сандығының түбіне сақтаған. Ондағысы –қонағым риза болсын дегендік еді.*<br><br>*Сүлеймен Мәмет*<br><br>**Сұрақ:** ***«Білім жаршысы»*** әдісі<br><br>1.Қалай ойлайсыңдар, неліктен қазақ халқы қонаққа арналған дастарханның ерекше болуына мән береді?<br>2.Шетелдік қонаққа еліміздің қандай мәдениетін көрсеткің келеді?<br>3.«Ғибратты сөз» айдарында берілген Сүлеймен Мәметтің мәтін үзіндісін оқып, өз пікіріңді білдір. | **Айтылым.**<br><br>Тапсырманы орындау арқылы оқушылардың айтылым дағдысы қалыптасады.<br><br>Оқушылар сұраққа жауап береді. «Ғибратты сөз» айдарында берілген халық ауыз әдебиетінен алынған батаны оқып, оған қатысты өз пікірлерін ортаға салады.<br>Ережемен танысады. | ***Дескриптор:***<br><br>***Жалпы –2 балл***<br>- сұраққа жауап беріп, өз пікірлерін білдіреді;<br>-пікіріне дәлел келтіреді. | **ҚБ:** Өз ойын дұрыс мағынада білдіріп, талқылауға белсенділікпен қатысқан оқушыға «Жарайсың!» деген мадақтау сөзімен ынталандыру.<br><br> |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>Есте сақта!<br>Одағай және одағай түрлерімен таныстыру.<br>Оқушыларға сабақтың тақырыбын, мақсатын таныстырады.<br>-Оқушылар, айтылған «Ғибратты сөзді» қаншалықты меңгердіңдер, қазақ халқы қонаққа арналған дастарханның ерекше болуы, осының барлығы бүгінгі сабақ барысында байқалып, бағаланбақ</td>
<td>Қажетті ақпаратты жазып алады</td>
<td></td>
<td>7-сынып оқулығы, кесте, жұмыс дәптері</td>
</tr>
<tr>
<td>Сабақтың ортасы<br><br>Мағынаны ашу.<br><br>35 минут<br><br></td>
<td>Жасампаздық және жаңашылдық құндылығы бойынша білім алушыларды «Қазақтың дастарқаны - берекенің бастауы» тақырыбы арқылы тапсырмаларға шығармашылықпен қарай білу, өз шешімдері мен идеяларын ұсына білу, тапсырманы бірігe орындау, өз бетінше әрекет ету және жобаларды іске асыру<br>Топтық жұмыс.<br>1-тапсырма. 184-бет «Әжемнің қонағы» үзінідісін мұқият тыңда. Автор көзқарасы мен көтерілген мәселені берілген сұрақтар арқылы анықта. Автор неліктен қарлығашты қонаққа теңеген?<br><br><br>
<table>
<tr><td>Автор көзқарасы</td><td>Көтерілген мәселе</td></tr>
<tr><td></td><td></td></tr>
</table>
<u>«Киіз үй»</u> әдісі арқылы ойтүрткі сұрақ:<br>1. Неліктен қарлығаштың ұясын бұзуға болмайды? «Қонағыма қол көтергенің – мені сыйламағаның», – деу арқылы автор қандай дәстүрді меңзейді?<br>2. Қазақтың қонақ күту ерекшелігі туралы қандай мәліметтер білесіңдер.<br>3. Мәтінде әжесінің көңіл күйін білдіретін қандай сөздер бар? Жекіру мәніндегі сөздерді теріп жаз.<br>Одағай. Одағайдың түрлері<br><br>Одағай. Одағайдың түрлері<br>Қазақ тіліндегі сөз таптарының бірі – одағай. Одағай сөздер адамның көңіл күйін, сезімін білдіру мақсатында ғана емес, сонымен қатар басқа біреуге бұйыру, ишара білдіру немесе малды, үй хайуандарын шақыру, айдау, қорғау мақсатында да қолданылады.<br>Тіліміздегі одағай сөздер осындай мәніне қарай үш топқа бөлінеді:<br>1. Көңіл күй одағайлары.<br>2. Шақыру және жекіру (императивтік ишара) одағайлары.<br>3. Тұрмыс-салт одағайлары.<br>Одағайлар синтаксистік жағынан оқшау сөздер деп аталатын топқа жатады. Сөйлемде өз алдына жеке-дара тұрып лексикалық мағына білдіре алмайды. Бірақ одағайлардың сөйлемдегі ойға қатысы бар: айтушының әртүрлі көңіл күйін, сезімін, ишара етуді, шақыру, жекіру, жануарларға бағышталып айтылу мәнін т.б. білдіреді.<br>Одағайлар өз алдына сөйлем мүшесі бола алмайды.</td>
<td>Оқушылар QR код арқылы мәтінді тыңдап, жекіру мәніндегі сөздерді теріп жазады.<br>Мәтін мазмұны бойынша автордың айтайын деген ойына талдау жасайды, себеп-салдарлық байланысты анықтайды.</td>
<td>Дескриптор:<br>Жалпы – 4 балл.<br><br>-мәтінде көтерілген мәселені талдайды;<br>-автордың көзқарасын анықтайды;<br>- автордың айтайын деген ойына талдау жасайды;<br>-тыңдалым мәтіні бойынша сұрақтарға жауап беріп, жекіру мәніндегі сөздерді теріп жазады.</td>
<td><br><br>7-сынып оқулығы, кесте, жұмыс дәптері<br><br><br><br></td>
</tr>
</table>

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
|  | **Топтық жұмыс.**<br>**3-тапсырма. 185-бет** ***«Қоржынды таңда»*** әдісі арқылы мәтінді оқып, әрекеттің себебі мен салдарын анықтауға бағытталған және «қандай?» «қалай?» деген сұрау есімдіктерімен 3 проблемалық сұрақ құрастыр.<br>Тақырыбы:<br>***«Ауылға келген қонақтар»*** | Мәтіннен түсінгендерін қорытып, мәтін бойынша сұрау есімдігіне сұрақ құрастырады | ***Дескриптор:***<br>***Жалпы –1балл.***<br>-оқылым мәтіні бойынша проблемалық сұрақтар құрастырады | <br>7-сынып оқулығы, жұмыс дәптері |
|  | **Сергіту сәті «Бірге биле» ойыны**<br> | | | <br> |
|  | ***Жеке жұмыс***<br>**5-тапсырма. 186-бет.** ***«Әжемнің әңгімесі»*** әдісі арқылы одағайларды қатыстырып, үйіңе келген қонақты қалай қарсы алғаныңды, қандай жағымды сәттерді есте сақтағаныңды сипатта.<br>**1-топ** Алақай! Әттеген-ай! Қане!<br>**2-топ** Ә! Тәйт! О-о-о! Бәрекелді!<br>**3-топ** Қап! Пай-пай! Пәлі! Оһо! | Оқушылар одағайларды қатыстырып, қалай қонақ күткені жайлы мәтін жазады. | ***Дескриптор:***<br>***Жалпы - 2 балл.***<br>- одағай түрлерін ажырата алады, мақсатқа сай қолданады;<br>-одағай түрлерін қатыстырып сөйлем құрайды | <br>7-сынып оқулығы, жұмыс дәптері |
|  | **Жұптық жұмыс**<br>**6-тапсырма. 186-бет**<br>***«Даналық сұрақтар»*** әдісі арқылы үш тапсырманың бірін таңдап алып, жұбыңмен орында.<br>1.Қазақ халқы үшін қонақжайлылықтың неліктен маңызды екендігі туралы қысқа хабарлама жаз.<br>2.Қонақжай болу деген нені білдіретені туралы сыныпта сауалнама жүргізіп, қорытындысын жаз.<br>3.Қонақжайлылық дәстүрлер туралы таныстырылым дайында. Ұсынылатын тақырыптар: «Қонақжайлылықтың күнделікті өмірдегі маңызы», «Әртүрлі елдердегі қонақжайлылықтың мәдени ерекшеліктері». | Оқушылар берілген үш тапсырманының бірін таңдап алып, жұбымен орындайды. | ***Дескриптор:***<br>***Жалпы - 1 балл.***<br>- үш тапсырманың бірін орындайды | <br>7-сынып оқулығы, жұмыс дәптері |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың соңы<br>Ой толғаныс.<br>Рефлексия<br><br>5 минут<br> | Мұғалім сабақты қорытындылау мақсатында оқушылардың сабаққа деген көзқарасын, рефлексиясын тыңдайды.<br>***Мақсаты:*** Оқушы алған білімін саралай білуге дағдыланады.<br>***Тиімділігі:*** Тақырып бойынша оқушылардың пікірін анықтайды. Жинақталған деректердің құнды болуын қадағалайды.<br>***Саралау:*** Бұл кезеңде саралаудың ***«Қорытынды»*** тәсілі көрінеді<br>Оқушылар түрлі-түсті қима қағаздарына **«Әжемнің сандығы» әдісі** арқылы оқушылар сабақ бойынша кері байланыс береді.<br> 186-беттегі, 7-тапсырма. | **Жеке жұмыс:**<br>Оқушылар бір ауыз сөзбен сабақ туралы өз ойларын түсіндіріп береді. Бір ауыз сөздеріне сабақты бағалайтын келесі сөздерді өте жақсы түсіндім, қызықты болды, түсіндім, ізденуім керек т.б | Мұғалім оқушылардың сабаққа қатысқан белсенілігіне қарай 1-10 балдық жүйе бойынша әр оқушының өзіне тиісті баллын қойып бағалайды. Сонымен қатар, оқушыларды ынталандыру үшін<br>***«Бәйге» әдісі*** арқылы бағалайды. | <br><br> |

| Саралау. Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз қабілетті оқушылардың алдына қандай тапсырмалар қоясыз? | Бағалау. Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз? | Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау |
|---|---|---|
| «Диалог және қолдау көрсету», «Тапсырма», «Жіктеу».<br><br>Саралау тапсырмаларды іріктеуді, белгілі бір оқушыдан күтілетін нәтижені, оқушыға жеке қолдау көрсетуде, оқу материалы мен ресурстарды оқушылардың жеке қабілеттерін ескере отырып әзірлеуді қамтиды. | «Мадақтау сөз» әдісі.<br>"Бәйге" әдісі<br><br>1-10 балдық жүйе бойынша бағаланады. | Денсаулық сақтау технологиялары. Сабақта сергіту жаттығулары мен белсенді жұмыс түрлерін қолданамын. Осы сабақта қолданылатын Қауіпсіздік техникасы ережелерінің тармақтары орындалады. |

**Жалпы бағалау**

Сабақтың қандай екі аспектісі жақсы өтті? Оқыту туралы да, сабақ беру туралы да ойланыңыз.

1: Автор кестемен жұмыс

2: Ойтүрткі сұрақтар

Сабақты жақсартуға не жәрдемдесер еді? Оқыту туралы да, сабақ беру туралы да ойланыңыз.

1: Әжемнің сандығы" әдісі

2: "Даналық сұрақтар" әдісі

Сабақ кезінде, сынып немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері/қиыншылықтары туралы мен нені анықтадым? Келесі сабақтарда неге назар аудару керек?

1: Топқа бөлу оқушылардың белсенділігіне байланысты

2: Вак тепе-теңдігін сақтау


Қазақ тілі





